

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ КҮРШІМ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ БАЛАБАҚШАСЫ» КМҚК**

БЕКІТЕМІН Кудабасева
ШҚО білім басқармасы Күршім
ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
меңгерушісі: Н.К Кудабасева
«29» тамыз 2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу
жылына арналған Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық
жоспары**

**«Балдырған» кіші топ
(2 жастағы балалар)**

Музыка жетекшісі: Булжанов О.Р

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, үйрету. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
2	Қазан	Музыка тыңдау. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдауды үйрету. Ән айту. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдатуды үйрету.
3	Қараша	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыруды жалғастыру. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білуді үйрету. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.
4	Желтоқсан	Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналууды үйрету.
5	Қантар	Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дауысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. (қанатын жайып ұшқан құстар). Ойындармен әндерді сахналауды дағдыландыру.
6	Ақпан	Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрация мен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту. Жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылыпән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету.
7	Наурыз	Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ойындар мен әндерді сахналау.
8	Сәуір	Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрация мен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту. Жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.
9	Мамыр	Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білуді жалғастыру. Ән айту.Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ КҮРШІМ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ БАЛАБАҚШАСЫ» КМҚК**

БЕКІТЕМІН Кудабаева
ШҚО білім басқармасы, Күршім
ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
менгерушісі: Н.К. Кудабаева
«29» тамыз 2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу
жылына арналған Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық
жоспары**

**«Балапан», «Айгөлек» ортаңғы топ
(3 жастағы балалар)**

Музыка жетекшісі: Булжанов О.Р

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Музыка тыңдау түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
2	Қазан	Музыка тыңдау Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
3	Қараша	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

		Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
4	Желтоқсан	Музыка тыңдау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық аспап металлофонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
5	Қаңтар	Музыка тыңдау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір

		қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
6	Ақпан	Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуды үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап барабанмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
7	Наурыз	Музыка тыңдау Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту

		Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
8	Сәуір	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
9	Мамыр	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ КҮРШІМ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ БАЛАБАҚШАСЫ» КМҚК

БЕКІТЕМІН

ШҚО білім басқармасы Күршім
ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
меңгерушісі: Н.К Құдабаева

«29» тамыз 2024 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу
жылына арналған Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық
жоспары

«Ақбота», «Құлпынай», «Қарлығаш» ересек топ
(4 жастағы балалар)

Музыка жетекшісі: Булжанов О.Р

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Музыка тыңдау:Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау ережелерін сақтау). Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау Ән айту:Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Марш сипатын ырғақты жүріспен беру,марш екпініне адымдап жүру.Музыканың қимылдық сипатын жеңіл,ырғақты жүгірумен беру. Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Билер:Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау. Ойындар,хороводтар:Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге,хор айтуды,музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту;шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.Түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау.
2	Қазан	Музыка тыңдау:Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау. Ән айту:Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.

		Билер:Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Ойындар,хороводтар:Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін- еркін әндету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
3	Қараша	Музыка тыңдау:Әртүрлі сипаттағы,қарқындағы музыканы қабылдау,музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Әнайту:Әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер:Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Ойындар,хороводтар:Пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.
4	Желтоқсан	Музыка тыңдау: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Әнайту:Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру,музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар: би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
5	Қаңтар	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Ойындар, хороводтар: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбыра аспабының сүйемелдеуіндегі музыкалық аспапта ересектердің орындауындағы күй әуенін тыңдау. Фортепиано аспабында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.

6	Ақпан	Музыка тыңдау:Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау. Ән айту:Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Жүрелеп отырудыырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту. Марш екпініне адымдап жүру. Билер:Би қимылдарын өзгерту; шапшандық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар,хороводтар:Үлкен шеңберге және шашырап тұру,дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
7	Наурыз	Музыка тыңдау:Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақ халқының аспабы домбыраның дауысын тыңдау. Ән айту:Ән сипатын ұғыну,әннің көңіл күйін бере білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін жәнежеңіл секіру. Билер:Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға,музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,биқимылдарын,билерді есте сақтау. Ойындар,хороводтар:Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойыншаажырату,үлкен шеңберге және шашырап тұру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.

8	Сәуір	Музыка тыңдау: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу. Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айтуарқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау. Билер: Би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге, хор айтуды, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Әуеннің сипатын тану, музыканың тактісімен алақандарды соғу.
9	Мамыр	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және ерін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу,

		музыкалық фразаларға сәйкесқимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар, хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау. Шулы аспаптармен ойнау, оркестр құру.
--	--	---